- номер гарантийного документа (сервисной книжки, сервисного сертификата и т.п.);
- модель машины (Мод.) и серийный номер (S/N), указанные в информационной табличке, расположенной на задней панели стиральной машины.

Другую полезную информацию и новости Вы можете найти на сайте www.indesit.com в разделе «Сервис».

Пайдалану нұсқаулығы

KİR ЖУҒЫШ МАШИНА

KZ

Қазақша

KZ

Мазмұны

Орнату, 14-15

Қаптамадан алу және түзулеу
Ток пен суды қосу
Бірінші жуу циклы
Техникалық деректері

Кір жуғыш машина сипаттамасы және жуу циклын бастау, 16-17

Басқару тақтасы
Индикатор шамдары
Жуу циклын бастау

Жуу циклдары, 18

Жуу циклдарының кестесі

Жекешелендіру, 19

Температуралы орнату
Сығу жылдамдығын орнату
Функциялар

Жуғыш заттар мен кірлер, 20

Жуғыш зат тартпасы
Ағарту циклы
Кірлерді дайындау
Арнайы күтімді қажет ететін киімдер
Жүкті теңестіру жүйесі

Сақтандырулар мен кеңестер, 21

Жалпы қауіпсіздік
Қоқысқа тастау
Сақтау және тасымалдау шарттары

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету, 22

Су мен токты өшіру
Кір жуғыш машинаны тазалау
Жуғыш зат тартпасын тазалау
Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету
Сорғыны тазалау
Судың кіріс түтігін тексеру

Ақаулықтарды жою, 23

Қызмет көрсету, 24



Орнату

KZ


! Бұл нұсқаулықты кейін қаралғанда үшін жоғалып қалмайтында бір жерге сақтап қою керек. Кір жуғыш машина сатылса, тасымалданса немесе көшірілсе, нұсқаулық құрылғымен бірге болатынын қамтамасыз етіңіз, солайша жаңа иесі оның жұмысы мен мүмкіндіктерімен танысады.

! Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: оның ішінде құрылғыны қауіпсіз орнату және қолдану туралы маңызды ақпараттар қамтылған.

Қаптамадан алу және түзулеу

Қаптамадан алу

1. Кір жуғыш машинаны қаптамасынан алыңыз.
2. Тасымалдау барысында кір жуғыш машина зақымдалмағанын тексерініз. Ол зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз және орнату үдерісін тоқтатыңыз.




3. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандастын (тасымалдау кезінде қолданылады) және тиісті төсемі бар резенке тығырықты алып тастаңыз (*сүретті қараңыз*).

4. Тесіктерді бірге берілген пластикалық тығындармен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерді сақтап қойыңыз: кір жуғыш машинаны басқа жерге тасымалданатын болса, олар керек болады.

! Қаптама материалдарын балалардың ойыншығы ретінде қолдануға болмайды.

Түзулеу

1. Кір жуғыш машинаны қабырғаға, жинаға, шкафқа немесе басқа кез келген затқа сүйемей, тегіс әрі қалыпты еденге орнатыңыз.




2. Еден түзу болмаса, алдыңғы аяқтарды қатайту немесе босату арқылы құрылғыны түзүлеңіз (*сүретті қараңыз*); құрылғының үстіңгі жағымен салыстырып өлшенген еңкею бұрышы 2°-тан аспауы керек.


Құрылғы дұрыс түзүлеу оған тұрақтылық береді, дірілдеу мен шамадан тыс шуылдың болмауына көмектеседі және жұмыс істеген кезде қозғалуына жол бермейді. Құрылғы кілемге немесе кілемшеге қойылса, аяқтарын оның астында вентиляция үшін жеткілікті орын болатындағы реттеу керек.

Ток пен суды қосу

Судың кіріс түтігін жалғау



1. А фитингін кіріс түтігінің шетіне салып, түтікті суық су шүмеліне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (*сүретті қараңыз*). Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.



2. Кіріс түтігін кір жуғыш машинаның артқы жағының жоғарғы оң жағында орналасқан тиісті су кірісіне бұрап жалғаңыз (*сүретті қараңыз*).

3. Түтік бүктелмегеніне немесе майыстырылмағанына көз жеткізіңіз.


! Шүмектегі су қысымы Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген мәндер аралығында болуы тиіс (*келесі бетті қараңыз*).

! Кіріс түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, мамандырылған дүкенге немесе куәландырылған маманға хабарласыңыз.


! Бұрын қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.

! Құрылғымен бірге берілген түтіктерді қолданыңыз.

Ағызу түтігін жалғау



Ағызу түтігін майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз.



Немесе ағызу түтігін ваннаның шетінен асырып іліп, бағыттауышты (оны техникалық көмек көрсету орталығынан сатып алуға болады) шүмекке бекітің (сүретті қараңыз). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

Электр қосылымдары

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы занды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына тәзімді (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- розетка кір жуғыш машинаның айырына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш машинаны сыртта орнатпау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боран және басқа да аяу-райы жағдайларында қалдыру аса қаупіті.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.

! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Ток сымын тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.

Ескеरту! Осы ережелер сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

Бірінші жуу циклы

Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, 2-жуу циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

Техникалық деректері

Ұлғи	IWSD 5085
Өлшемдері	еңі 59,5 см білктігі 85 см терендігі 44 см
Сыйымдылығы	1 - 5 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең төмен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 40 литр
Айналдыру жылдамдығы	800 айналым/мин мәнінде дейін
Куатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес:	2 бағдарламасы; температура 60°C; 5 кг жүкті қолдана отырып. EN 60456




Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді:
 - EMC 2014/30/EU (Электр магниттік үйлесімділік)
 - LVD 2014/35/EU (Төмен кернеу)
 - 2012/19/EU - (WEEE)

Кір жуғыш машина сипаттамасы және жуу циклын бастау

KZ

Басқару тақтасы



Жуғыш заттарында: жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды енгізу үшін пайдаланылады («Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз»).

ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі: кір жуғыш машинаны қосады және өшіреді.

ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасы: жуу циклдарын бағдарламалайды. Жуу циклы барысында тұтқа қозғалмайды.

Индикатор шамдары бар **ФУНКЦИЯ** түймелері: бар функцияларды таңдау үшін қолданылады. Таңдалған функцияға сәйкес келетін индикатор шамы жаңып тұрады.

ТЕМПЕРАТУРА тұтқасы: температуралы немесе суық жуу циклын орнатады («Жекешелендіру» тарауын қараңыз»).

СЫҒУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ тұтқасы: сырғу жылдамдығын орнатады немесе сырғу циклын толығымен алып тастайды («Жекешелендіру» тарауын қараңыз»).

ДИСПЛЕЙ: әртүрлі қолдануға болатын циклдардың мерзімін және орындалып жатқан циклдың қалған уақытын көрү үшін пайдаланылады; КЕШІКТІРІП БАСТАУ опциясы таңдалған болса, таңдалған циклдың басталуына дейінгі кері санақ көрсетіледі.

КЕШІКТІРІП БАСТАУ түймесі : таңдалған жуу циклы үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін басыңыз. Кешіктіру уақыты дисплейде көрсетіледі.

ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ индикатор шамдары: жуу циклінің орындалуын бақылау үшін қолданылады.

Жаңған индикатор шамы қай кезең орындалып жатқанын білдіреді.

ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы: есікті ашуға болатынын не болмайтынын білдіреді (келесі беттің қараңыз).

Индикатор шамы бар **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРҮ** түймесі: жуу циклдарын бастайды немесе уақытша тоқтатып қояды.

Ескертпе: Орындалып жатқан жуу циклын тоқтатып қою үшін осы түймені басыңыз; тиісті индикатор шамы қызығылт сары түспен жылдықтайты, ал ағымдағы жуу циклінің кезеңіне сәйкес келетін индикатор шамы қалыпты түрде жаңып тұрады. Егер ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы өшсе, есікті ашуға болады.

Жуу циклын тоқтатылған жерінен бастау үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.

Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

Индикатор шамдары

Индикатор шамдары маңызды ақпаратты береді. Олар мына жағдайларды білдіруі мүмкін:

Жуу циклы кезеңінің индикатор шамдары
Қажетті жуу циклы таңдалып, басталғаннан кейін, индикатор шамдары бірінен кейін бірі жаңып, циклдың қай кезеңі орындалып жатқанын білдіреді.

Жуу	
Шаю	
Сығу	
Ағызу	
Жуу циклының соңы	END

Функция түймелері және оларға сәйкес келетін индикатор шамдары

Функция таңдалған кезде, оған сәйкес келетін индикатор шамы жанады.
Таңдалған функция бағдарламаланған жуу циклімен үйлесімді болмаса, тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және функция қосылмайды.
Таңдалған функция оған дейін таңдалған функциямен үйлесімді болмаса, таңдалған бірінші функцияға тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және екінші функция қосылады; қосылған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жаңып тұрады.

Жуу циклын бастау

1. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық индикатор шамдары бірнеше секундқа жанады, одан кейін олар сөнеді, ал БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ индикатор шамы жыпылықтайды.
2. Кірлерді салып, есікті жабыңыз.
3. ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасын қажетті бағдарламаға орнатыңыз.
4. Жуу температурасын орнатыңыз («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).
5. Сығу жылдамдығын орнатыңыз («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).
6. Жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды өлшеңіз («Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз).
7. Қажетті функцияларды таңдаңыз.
8. Жуу циклын БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басу арқылы бастаңыз, сонда тиісті индикатор шамы қалыпты тұрде жасыл түспен жаңып тұрады.
- Орнатылған жуу циклын дөғару үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басу арқылы құрылғыны тоқтатып қойыңыз да, жаңа циклды таңдаңыз.
9. Жуу циклының соңында END индикатор шамы жанады. ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы өшкен кезде есікті ашуға болады. Кірлерді шығарып, барабан толығымен кебуі үшін құрылғы есігін сәл ашық қалдырыңыз. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны өшіріңіз.



Есік құлыштаулы индикатор шамы

Индикатор шамы жаңып тұрған кезде, ашылмауды үшін есік құлыштаулы болады; есікті ашпас бұрын индикатор шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз (шамамен 3 минут күтіңіз). Жуу циклы барысында есікті ашу үшін, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесін басыңыз; ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы өшкен кезде есікті ашуға болады.

Жуу циклдары

KZ

Жуу циклдарының кестесі

Жуу циклдары	Жуу циклының сипаттамасы	Ең жоғ. темп. (°C)	Ең жоғ. жылдамдық (ай/мин)	Жуғыш заттар				Ең жоғ. жұқ (кг)	Цикл мерзімі
				Алдын ала жуу	Жуу	Ағартқыш	Кондиционер		
Күнделікті									
1	Алдын ала жуу бар Мақта: ете қатты кірленген ақ киімдер.	90°	800	●	●	-	●	5	-
2	Мақта: ете қатты кірленген ақ киімдер.	90°	800	-	●	●	●	5	-
2	Мақта (1): қатты ластанған ақ заттар мен төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	800	-	●	●	●	5	-
2	Мақта (2): қатты ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	800	-	●	●	●	5	-
3	Мақта: қатты ластанған ақ заттар мен төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	800	-	●	●	●	5	2,5
4	Түрлі түсті мақта кірлер(3): аз ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	800	-	●	●	●	5	2,5
5	Синтетика: қатты ластанған төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	800	-	●	●	●	2,5	1,5
6	Синтетика: Аз ластанған нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	800	-	●	●	●	2,5	1,5
Арнайы									
7	Жұн: жұн, кашемир және т.б. үшін.	40°	800	-	●	-	●	1	-
8	Жібек/перделер: жібек пен вискозадан жасалған киімдер, іш киімдер үшін.	30°	0	-	●	-	●	1	-
9	Джинсы	40°	800	-	●	-	●	2,5	-
10	Тез: аз ластанған киімдерді жылдам жылғып алу үшін (жүннен немесе жібектен жасалған және қолмен жууды қажет етегін киімдер үшін жарамайды).	30°	800	-	●	-	●	1,5	-
Спорт									
11	Спорт интенсив	30°	600	-	●	-	●	2,5	-
12	Спорт	30°	600	-	●	-	●	2,5	-
13	Спортық аяқ-киімдер	30°	600	-	●	-	●	Ең көбі 2 жуп	-
Толық емес жуу циклдары									
	Шаю	-	800	-	-	●	●	5	-
	Сығу	-	800	-	-	-	-	5	-
	Ағызы	-	0	-	-	-	-	5	-

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нәкты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық сұнақ мекемелері үшін:

- 1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексерініз: 2 жуу циклын 60 °C температурасымен орнатыңыз.
- 2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: 2 жуу циклын 40 °C температурасымен орнатыңыз.
- 3) Мақтадан жасалған заттарға арналған қысқа жуу циклы: 4 жуу циклын 40 °C температурасымен орнатыңыз.

Тез (10-жуу циклы) – бұл жуу циклы аз кірленген киімдерді жылдам жууға арналған: оның мерзімі – 15 минут, сондықтан қуат пен үнемдейді. Бұл жуу циклын таңдау арқылы (10, 30°C) ең көп 1,5 кг салып, әртүрлі маталарды бірге жууға болады (жұн мен жібек заттарынан басқа).

Спорт интенсив (11-программа): ете кір спорт киімдерін жууға арналған (спортық костюмдер, шұлыштар және т.б.); жақсырақ нәтижеге қол жеткізу үшін «Программалар кестесінде» көрсетілген жүктеу шегінен аспауды ұсынамыз.

Спорт (12-программа): аса қатты кірлемеген спорт киімдерін (спортық костюмдер, шұлыштар және т.б.) жууға арналған; жақсырақ нәтижеге қол жеткізу үшін «Программалар кестесінде» көрсетілген жүктеу шегінен аспауды ұсынамыз. Жартылай жүктеуге сәйкес көлемде сұйық жуғыш құралдарды пайдалануды ұсынамыз.

Спортық аяқ-киімдер (13-жуу циклы) спортық аяқ-киімдерді жууға арналған; ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін бір уақытта 2-ден көп аяқ-киім жұбын жумаңыз.

Жуу циклдарының мерзімін дисплейде көруге болады.

Температураны орнату

Жуу температурасын орнату үшін ТЕМПЕРАТУРА тұтқасын бұрыңыз (Жуу циклдарының кестесін қараңыз).

Температураны азайтуға немесе тіпті сұық жууды орнатуға болады ✎.

Кір жуғыш машина әрбір жуу циклы үшін орнатылған ең көп мәннен жоғары температураны таңдауға автоматты тұрде кедергі жасайды.

Сығу жылдамдығын орнату

Таңдалған жуу циклына сығу жылдамдығын орнату үшін СЫГУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ тұтқасын бұрыңыз.

Әрбір жуу циклында қолдануға болатын ең жоғары сығу жылдамдықтары мынадай:

Жуу циклдары	Ең жоғары сығу жылдамдығы
--------------	---------------------------

Мақта киімдер	800 айн/мин
---------------	-------------

Синтетика	800 айн/мин
-----------	-------------

Жұн	800 айн/мин
-----	-------------

Жібек	тек ағызы
-------	-----------

∅ таңбасын таңдау арқылы сығу жылдамдығын төмендетуге немесе толығымен алып тастауға болады.

Кір жуғыш машина әрбір жуу циклы үшін орнатылған ең көп мәннен жоғары сығу жылдамдығын таңдауға автоматты тұрде кедергі жасайды.

Функциялар

Осы кір жуғыш машинадағы әртүрлі жуу функциялары әрдайым қажетті нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Функцияларды іске қосу үшін:

1. Қажетті функцияға сәйкес келетін түймені басыңыз;
2. тиісті индикатор шамы жанғанда функция қосылады.

Ескертпе:

- Таңдалған функция бағдарламаланған жуу циклімен үйлесімді болмаса, тиісті индикатор шамы жыптылықтайды және функция қосылмайды.
- Таңдалған функция оған дейін таңдалған функциямен үйлесімді болмаса, таңдалған бірінші функцияға тиісті индикатор шамы жыптылықтайды және екінші функция қосылады; қосылған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жаңып тұрады.

⌚ Кешіктіру таймері

Таңдалған бағдарлама үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін, қажетті кешіктіру мерзіміне дейін жеткенше тиісті түймені қайта-қайта басыңыз. Бұл опция қосылғанда, дисплейде ⌚ таңбасы жанады. Кешіктіріп бастау опциясын алып тастау үшін дисплейде «ӨШІРУЛІ» мәтіні көрсетілгенше түймені басыңыз.

! Бұл опция барлық бағдарламаларда қосылған.

EcoTime

Бұл опцияны таңдау барабан айналымын, температура мен суды аз ластанған мақта мен синтетикалық талшықтарлық аз жүгіне қолайлы тұрде реттеуге мүмкіндік береді («Жуу циклдарының кестесін» қараңыз).

«EcoTime» су мен токты үнемдеп, аз уақытта жууға мүмкіндік береді. Жүк мөлшеріне сәйкес өлшенген сұйық жуғыш затты пайдаланған жөн.

🕒 Дақтарды кетіру


Кетпей қоятын дақтарды кетіруге арналған ағарту циклы. Ағартқышты қосымша 4-бөлікке құюды ұмытпаңыз («Ағарту циклы» тарауын қараңыз).

Жұғыш заттар мен кірлер

KZ

Жұғыш зат тартпасы

Жақсы жуу нәтижесіне қол жеткізу жұғыш заттың дұрыс мөлшеріне де байланысты болады: тым көп жұғыш зат қосылса, жуу міндettі түрде тиімдірек болмайды және шынында құрылғы ішінде қалдықтардың түзілуіне және қоршаған ортанды ластауға әкелуі мүмкін.



! Қолмен жууға арналған жұғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар тым көп кебік түзеді.
Жұғыш зат тартпасын ашып, жұғыш затты немесе жұғыш қосындыны тәмендегідей салыңыз.

1-бөлік: Алдын-ала жууға арналған жұғыш зат (ұнтақ)

Жұғыш затты салмас бұрын, қосымша 4-бөлік алынғанына көз жеткізіңіз.

2-бөлік: Жуу циклына арналған жұғыш зат (ұнтақ немесе сұйықтық)

Сұйық жұғыш затты жуу циклы басталмас бұрын сәл уақыт қалғанда құю керек.


3-бөлік: Қосындылар (кондиционерлер және т.б.)

Кондиционер белгіден асып кетпеуі керек.

Қосымша 4-бөлік: Ағартқыш

Ағарту циклы

! Әдеттегі ағартқышты төзімді ақ маталарға, ал нәзік ағартқышты түрлі түсті маталарға, синтетика мен жұнге қолдану керек.



Бұл опция кетпей қоятын дақтарды кетіруге ерекше пайдалы. Қосымша 4 бөлікті (бірге беріледі) 1-бөлікке қойыңыз.
Ағартқышты құйған кезде ортаңғы өзекте белгіленген «max» деңгейінен асып кетпеуге назар аударыңыз (суретті қараңыз).

Ағарту циклын бөлек іске қосу үшін ағартқышты 4-бөлікке құйыңыз, «Шаю» бағдарламасын орнатыңыз және «Дақтарды кетіру» опциясын қосыңыз.

Жуу циклы барысында ағарту үшін, жұғыш зат пен қолданғыныз келетін кез келген кондиционерді құйыңыз, одан кейін қажетті жуу циклын орнатып, «Дақтарды кетіру» опциясын қосыңыз.

Қосымша 4-бөлік пайдаланылса, «Алдын ала жуу» опциясы істемейді.

Кірлерді дайындау

- Кірлерді мына жағдайларға байланысты бөліңіз:
 - мата түрі/жапсырмадағы таңба
 - түстер: түрлі-түсті киімдердің киімдерден бөліңіз.
- Қалталарды босатып, түймелерді тексеріңіз.
- Келтірілген мәндерден асып кетпеңіз, олар кірлердің құрғақ кезіндегі салмағын береді:

Төзімді маталар: ең көп 5 кг

Синтетикалық маталар: ең көп 2,5 кг

Нәзік маталар: ең көп 1,5 кг

Жұн: ең көп 1 кг

Жібек: ең көп 1 кг

Кірлердің салмағы қандай?

1 ақжайма 400-500 г

1 жастықап 150-200 г

1 асқаулық 400-500 г

1 монша халаты 900-1200 г

1 орамал 150-250 г

Арнайы күтімді қажет ететін киімдер

Жұн: тілті жапсырмасында «тек қолмен жуу» жазуы бар жұн киімдерін қоса, барлық жұн киімдерін 7-бағдарламамен жууға болады. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жұғыш затты қолданыңыз және 1 кг кір салмағынан аспаңыз.

Жібек: жібек киімдерді жуу үшін арнайы 8-жуу циклын қолданыңыз. Нәзік киімдерді жууға арналған арнайы жұғыш заттарды пайдаланған абзал.

Перделер: перделерді бүктеп, жастықапқа немесе тор сәмкеге салыңыз. 8-жуу циклын қолданыңыз.

Джинсы: Жуудан бұрын киімдердің ішін сыртқа қаратыңыз және сұйық жұғыш зат пайдаланыңыз. 9-бағдарламаны қолданыңыз.

Жұкті теңестіру жүйесі

Әрбір сырғу циклынан бұрын, шамадан тыс дірілдеудің алдын алу және жұкті біркелкі түрде тарату үшін, барабан жуу кезіндегі айналу жылдамдығын сәл көбірек жылдамдықпен айналып түрады. Егер бірнеше әрекеттен кейін жұк дұрыс теңестірілмесе, құрылғы тәмендетілген сырғу жылдамдығында айналдырады. Егер жұк тым теңестірілмеген болса, құрылғы сырғу орнына тарату үдерісін орындаиды. Жұктің таралуы мен теңестірілуін жақсарту үшін кіші және үлкен киімдерді аралас салуды ұсынамыз.

! Бұл кір жуғыш машина халықаралық қауіпсіздік ережелеріне сай өндептіліп шығарылған. Тәмендегі ақпарат қауіпсіздік ережелерін ескертү мақсатында берілген және оны мұқият оқып шығу қажет.

Жалпы қауіпсіздік

- Бұл құрылғы тек үйде пайдаланылуға арналған.
- Бұл құрылғы қауіпсіздіктеріне жауапты адам құрылғыны қолдану бойынша кеңес не нұсқау бермеген жағдайда, дene, сезіну немесе ой қабілетті тәмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдармен (оның ішінде балалармен) қолданылуға арналмаған. Балалар құрылғымен ойнамауы үшін оларды бақылау керек.
- Кір жуғыш машинаны тек осы нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес түрде ересек адамдар ғана пайдалануы тиіс.
- Құрылғыны жалаң аяқ немесе қолыңыз немесе аяғыңыз ылғал болғанда ұстамаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағытқан кезде ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат тартпасын ашпаңыз.
- Ағызылған суға тименіз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Есікті күштеп тартпаңыз. Әйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғы бұзылып қалса, ешбір жағдайда өз бетіңізben жөндеу мақсатында ішкі бөліктерге тилюші болмаңыз.
- Әрқашанда балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.
- Жуу циклы барысында есік қатты қызып кетуі мүмкін.
- Құрылғыны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамнан тұратын топпен жұмыс істеніз және де өте абай болыңыз. Мұны жалғыз өзіңіз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.

Қоқысқа тастау

- Орама материалдарын қоқысқа тастау: ораманың қайта пайдаланылуы мүмкін болатындей жергілікті ережелерді орындаңыз.
- Электр және электроникалық құралдардың қалдықтарына қатысты 2002/96/ЕС Еуропа заңнамасына сәйкес үй құрылғылары қалыпты сортталмаған қалалық қалдық ағымымен бірге жойылмауы тиіс. Қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін зиянның алдын ала отырып, есік құрылғылар қайта пайдалануды және қайта өндеуді оңтайландыру мақсатында бөлек жиналуы

керек. Өнімдегі сыйылған «доңғалақты қоқыс жәшік» сізге құрылғыны тастаған уақытта бөлек жиналуы туралы есінізге салады.

Есік құрылғыларды дұрыс тастау жөнінде ақпарат алу үшін пайдаланушылар жергілікті өкілдеріне немесе сатушыларына хабарласулары керек.

Сақтау және тасымалдау шарттары


- Бұып түйілген кір жуғыш машина табиги түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс.
Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылдытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек. Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек.
Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс.
Тиеген және түсірген кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ

Су мен токты өшіру

- Әрбір жуу циклынан кейін су шүмелгін жауып отырыңыз. Бұл кір жуғыш машинаның ішіндегі гидравликалық жүйенің тозуын шектейді және су ағып кетудің алдын алуға көмектеседі.
- Кір жуғыш машинаны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.




2. қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұры арқылы бұрап шығарып алыңыз (*суретті қараңыз*): кішкене су ағып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай;

Кір жуғыш машинаны тазалау

Құрылғының сыртқы жақтары мен резенкеден жасалған құрамдас бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.

Жуғыш зат тартпасын тазалау



Диспенсерді көтеріп, тарту арқылы шығарып алыңыз (*суретті қараңыз*). Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл әрекетті жиі қайталап тұру керек.

3. ішін жақсылап тазалаңыз;

4. қақпақты орнына бұраңыз;

5. құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

Судың кіріс тұтігін тексеру

Кіріс тұтігін кем дегенде жылына бір рет тексеріңіз. Шатынаған болса, оны дереу ауыстыру керек: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған тұтік жарылып кетуі өбден мүмкін.

! Бұрын қолданылған тұтіктерді пайдаланушы болмаңыз.


Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету

- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін есікті әрқашан сәл ашып қою керек.

Сорғыны тазалау

Кір жуғыш машина ешбір техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының төменгі жағындағы, оны қорғайтын алдыңғы камераға түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.



Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:

1. бұрағыштың көмегімен, кір жуғыш машинаның алдыңғы төмен бөлігіндегі қақпақ панелін алып тастаңыз (*суретті қараңыз*);

Кір жуғыш машина жұмыс істемей қалуы мүмкін. Техникалық көмек көрсету орталығына хабарласпас бұрын («Көмек» тарауын қарандыз), тәмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты оңай шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

Ақаулық:

Кір жуғыш машина қосылмайды.

Ықтимал себептері / шешімдері:

- Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйіспейді.
- Үйде ток жоқ.

Жуу циклы басталмайды.

- Кір жуғыш машина есігі дұрыс жабылмаған.
- ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесі басылмаған.
- Су шүмелі ашылмаған.
- Кешіктіріп бастау орнатылған («Жекешелендіру» тарауын қарандыз).

Кір жуғыш машинаға су толтырылмайды («H2O» мәтіні дисплейде жыптықтайды).

- Судың кіріс түтігі шүмелкке қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмелі ашылмаған.
- Үйде су жоқ.
- Қысым тым тәмен.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ түймесі басылмаған.

Кір жуғыш машина сүмен толып, оны ағызып тұра береді.

- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған («Орнату» тарауын қарандыз).
- Түтіктің бос шеті су астында («Орнату» тарауын қарандыз).
- Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған. Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмелін жауып, құрылғыны өшіріңіз де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаныз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш машина сүмен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуға қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.

Кір жуғыш машина суды ағызбайды не сықпайды.

- Жуу циклында ағызу жоқ: кейбір жуу циклдары ағызу кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді.
- Ағызу түтігі майысқан («Орнату» тарауын қарандыз).
- Ағызу түтігі бітелген.

Кір жуғыш машина сұғы циклы барысында көп дірілдейді.

- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған («Орнату» тарауын қарандыз).
- Кір жуғыш машина тұзу емес («Орнату» тарауын қарандыз).
- Кір жуғыш машина шкафттар мен қабырғалар арасына қойылған («Орнату» тарауын қарандыз).

Кір жуғыш машинадан су ағады.

- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған («Орнату» тарауын қарандыз).
- Жуғыш зат тартпасы бітелген (оны тазалау туралы нұсқауларды «Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» тарауынан қарандыз).
- Ағызу түтігі дұрыс бекітілмеген («Орнату» тарауын қарандыз).

«Функция» индикатор шамдары мен «бастау/тоқтата тұру» индикатор шамы жыптықтайды, ал «орындалып жатқан кезең» индикатор шамдарының бірі мен «есік құлыптаулы» индикатор шамы қалыпты тұрде жаңып тұрады.

- Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтініз де, оны қайтадан қосыңыз.

Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Тым көп кебік болады.

- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.

Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:

- Ақаулықты өзіңіз шеше алатыныңызды тексеріңіз («Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін бағдарламаны қайтадан бастаңыз;
- Олай болмаса, кепілдік күелігінде берілген телефон нөмірі бойынша өкілетті Техникалық көмек беру орталығына хабарласыңыз.

! Тек үәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:

- акаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/н).

Бұл ақпаратты кір жуғыш машинаның артқы жағына бекітілген және есікті ашу арқылы құрылғының алдынан көруге болатын техникалық деректер тақтасынан табуға болады.

Изготовитель –

АО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».

РОССИЯ, 398040, г. Липецк, пл. Металлургов, 2

АО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».

Служба сервиса тел. (4742) 42-41-00

www.Indesit.com